

# Ауған менің жадымда

1989 жылдың 15 ақпан күні Кеңес Одағының әскері Ауғанстан жерінен шығарылды. Міне, содан бері тура отыз екі жыл уақыт өтіпті. Он жылға созылған сол соғыстың жарасы әлі де жазылар емес. Ана

тапқан және соғыс зардабынан бейбіт өмірдек дүниеден озған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

Еркін Әлімжанұлы көңілде сызы, жүректе ізі қалған ауыр да азапты жыл-



сүті ауыздарынан кетіп үлгермеген балаң сарбаздар атақ-даңқ үшін емес, тыныштықты қорғаймыз, соғыс өртің өшіреміз деп қанды қырғынның ортасынан бір-ақ шыққан еді.

Ауыр аманат арқалап, өмір мен өлім белдескен қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестерімізді қадірлеп – құрметтеу – біздің борышымыз.

Осындай мақсатпен Нұра орталықтандырылған кітапханадар жүйесінің ұйымдастыруымен Кертінді үлгілі ауылдық кітапханасы Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 32 жыл толуына орай «Ауған менің жадымда» атты онлайн кездесу өткізді. Онлайн кездесуге Нұра ауданының Ауған соғысының ардагерлері, ауыл әкімдері, мәдениет қызметкерлері, оқушылар, кітапханашылар қатысты. Кертінді үлгілі ауылдық кітапханасында онлайн кездесуге жерлесіміз, Ауған соғысының ардагері Мұхаметжанов Еркін Әлімжанұлы, ауыл әкімі Ғалым Төлеубайұлы Хасенов, мәдениет қызметкерлері, ауыл тұрғындары қатысты. Кездесу барысында осы соғыста қаза

дарды еске алып, осы кездесуге қатысып отырған қонақтардың сұрақтарына жауап беріп отырды. Кездесу соңында ауыл әкімі Ғалым Төлеубайұлы барлық ауған соғысының ардагерлерін келе жатқан мерекелерімен құттықтап, осы онлайн кездесудіг ұйыдастырушыларға алғысын білдірді.

Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 32 жыл өтсе де, сол кездегі жауынгерлер, бүгінгі бейбіт өмірдің еңбеккерлері соғыс жарасынан әлі де айға алмай келеді. Қазіргі кезде еліміздің өркендеуіне зор үлес қосып жүрге ауғандық ардагер жауынгерлерді ардақтау біздің қасиетті міндетіміз.

Құрметті ауған соғысының ардагерлері! Сіздерді мерекереңізбен құттықтаймын. Баршаңызға денсаулық, жанұяларыңызға амандық тілеймін. Абыройларыңыз әрқашан асқақтай берсін! Енді қайтып мұндай зұлмат болмасын, еліміз тыныш, бейбітшілік мәңгі болсын!

**Ахтямова Б.К.,  
Кертінді үлгілі ауылдық кітапханасы,  
кітапхана ісінің үздігі**